

"Сырдария ауданында салық салу объектісінің елді мекенде орналасуын ескеретін аймаққа бөлу коэффициенттерін бекіту туралы" Сырдария ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 29 қарашадағы №360 қаулысының күші жойылды деп тану туралы

Қызылорда облысы Сырдария ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 1 маусымдағы № 132 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 2 маусымда № 7503 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 27, 50 - баптарына сәйкес, Сырдария ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Сырдария ауданында салық салу объектісінің елді мекенде орналасуын ескеретін аймаққа бөлу коэффициенттерін бекіту туралы" Сырдария ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 29 қарашадағы № 360 қаулысының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 6569 нөмірімен тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде 2019 жылғы 4 қаңтарда жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Сырдария ауданының әкімі

Р. Рустемов

КЕЛІСІЛДІ

*Қазақстан Республикасы Қаржы
министрлігінің Мемлекеттік
кірістер комитеті Қызылорда
облысы бойынша мемлекеттік
кірістер департаментінің
Сырдария ауданы бойынша
мемлекеттік кірістер
басқармасымен*